



## САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Дүниетану
Мұғалім	Түсіпқалиева Алма
Мектеп, сынып	Орал қаласы, №25 жалпы орта білім беретін мектеп, 3-сынып
Сабақ тақырыбы	Топырақ. Топырақты қорғау



<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p><b>1. Білімділігі:</b> оқушылардың топырақ туралы түсініктерін кеңейту, топырақтың негізгі қасиеттері, құрамы туралы білімін шыңдау.</p> <p><b>2. Дамытушылығы:</b> балалардың ойлау қабілетін, байқампаздық пен білімге құштарлығын дамыту; салыстыру және қорытындылау біліктілігін дамыту.</p> <p><b>3. Тәрбиелігі:</b> топырақты қорғау бойынша негізгі шараларды меңгеру. Қоршаған ортаны сүйеге баулу.</p>	
<b>Сілтемелер</b>	<p>Оқулық «Дүниетану» 3-сынып, «Алматыкітап» баспасы 2014, «Топырақ» фильмі.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div> <p><a href="http://imektep.kz/topirak">http://imektep.kz/topirak</a>, <a href="http://bilimland.kz/kk/content/structure/2018-topyraq">http://bilimland.kz/kk/content/structure/2018-topyraq</a>.</p>	
<b>Сабақтың әдіс-тәсілдері</b>	АКТ, СТО, диалогтік оқу, топтастыру, топтық жұмыс, жеке жұмыс, практикалық жұмыс, жаңа әдістер.	
<b>Сабақтың түрі</b>	Жаңа сабақ.	
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<p><b>Пәндік нәтижелер:</b> топырақ туралы және оны қорғаудағы адамның әрекетін білу.</p> <p><b>Тұлғалық нәтижелер:</b> қоршаған ортаны сақтауға және оны қорғауға ұмтылысы.</p> <p><b>Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:</b> қосымша ақпаратты жинақтау және олардың қажеттісін іріктеп алу білігін қолдана білуінен көрініс табуы тиіс.</p>	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>

кезеңдері		
<b>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</b>	1. Оқушыларды шаттық шеңберіне жинау. 2. Топқа бөлу.	Оқушылар шаттық шеңберінде бір-біріне тілектерін айтады. Топқа бөлініп, топ басшысын тағайындайды.
<b>Үй тапсырмасын тексеру</b>	Қолдарындағы пайдалы қазбалардың шартты белгілері бойынша сұрақтарға жауап алады.	Оқушылар шартты белгілер бойынша мәлімет береді. Қазақстан картасына, яғни өндірілетін аймаққа жапсырады.
<b>Жаңа тақырыпты меңгерту</b>	<p><b>INSERT әдісі</b> бойынша кесте толтырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Топырақ дегеніміз не?</li> <li>- Ол туралы не білеміз?</li> <li>- Топырақ туралы тағы не білгілерің келеді?</li> </ul> <p><b>Оқулықпен жұмыс.</b> Мәтінді «ДЖИГСО» әдісі арқылы оқып шыққаннан кейін, «Қалам ортада» әдісімен бір-біріне түсінгендерін айтып шығады.</p> <p><b>Бейнефильм.</b> «Топырақ» <a href="http://bilimland.kz/kk/content/structure/2018-topyraq">http://bilimland.kz/kk/content/structure/2018-topyraq</a> бейнефильмінің көрсетілімі (Талдау жұмысы жүргізіледі).</p> <p><b>Дәптермен жұмыс:</b> 1-топ: сор топырақ. 2-топ: қоңыр топырақ. 3-топ: қара топырақ.</p> <p><b>Тәжірибе.</b> Топырақты ақ қағаздың бетіне салып, анықтап қара. Өсімдіктің ұсақ қалдықтары, шіріген жәндіктің қалдықтары байқалады. Одан әрі анықтай түсу үшін тәжірибе жасайық.</p> <p><b>1-тәжірибе.</b> Бір кесек топырақты стакандағы суға</p>	<p>Оқушылар сұрақтарын стикерге жазып, тақтаға іледі.</p> <p>Оқулықпен жұмыс жасайды. Мәнерлеп оқиды, талдайды. Топтық жұмысқа қатысады, тапсырмаларды орындайды.</p> <p><a href="http://imektep.kz/topirak">http://imektep.kz/topirak</a></p> <p><a href="http://bilimland.kz/kk/content/structure/2018-topyraq">http://bilimland.kz/kk/content/structure/2018-topyraq</a></p> <p>сілтемесі бойынша бейнекөрсетілімді көреді.</p> <p>1-топ: сор топырақ туралы жазады.</p> <p>2-топ: қоңыр топырақ туралы жазады.</p> <p>3-топ: қара топырақ туралы жазады.</p> <p>Оқушылар тәжірибе жасап, топырақтың құрамын анықтайды.</p>

	<p>салайық. Не байқадық. Көпіршіп шыққан не? <b>Ауа</b></p> <p><b>2-тәжірибе.</b> Бір уыс топырақты темір қалбырға салып отқа қойып қыздырайық. Оның үстіне шыны ұстайық. Шынының астыңғы бетіне су тамшылары пайда болды. Ол қайдан шықты? Топырақ бойында ауадан басқа тағы не бар? <b>Су</b></p> <p><b>3-тәжірибе.</b> Топырақты одан әрі қыздыра түсейік. Біраздан кейін көкшіл түтін шығады Бұл не? Топырақ ішінде жанатын не бар? Топырақта түрлі қалдықтар, шірінділер бар. Ол – <b>қарашірік.</b></p> <p><b>4-тәжірибе.</b> Шірінді жанып біткен топырақты суға салып араластырайық. Лайланған суды тұндыруға қояйық. Біраздан кейін тұнбаның астында күм, оның үстіне саз шөгеді. Бұдан топырақ құрамында <b>күм, саз</b> барын байқаймыз.</p> <p><b>Топтық жұмыс:</b> 1-топ: Сөйлемді толықтыру. 2-топ: Тест. 3-топ: Сөйлемді толықтырыңыз.</p> <p><b>Ситуациялық сұрақ.</b> - Топырақ неден бұзылады? - Топырақты қорғау үшін не істеуіміз керек?</p>	<p>1-топ. <a href="http://bilimland.kz/kk/#lesson=14767">view-source:http://bilimland.kz/kk/#lesson=14767</a></p> <p>2-топ. <a href="http://bilimland.kz/kk/#lesson=14767">view-source:http://bilimland.kz/kk/#lesson=14767</a></p> <p>3-топ. <a href="http://bilimland.kz/kk/#lesson=14766">view-source:http://bilimland.kz/kk/#lesson=14766</a></p>
<b>Бекіту</b>		
<b>Білемін</b>	<b>Білгім келеді</b>	<b>Білдім</b>

Топырақ жердің беткі қабаты .	Топырақ қабаты түзелу үшін қанша жыл керек? Жауабы: 1-2 см топырақ қабаты түзелу үшін жүз жылдай, ал 20 см топырақ 2-3 мың жылда түзеледі.	Топырақтың тау жыныстарынан ерекшелігін білдім. Топырақта құнарлы өсімдік өседі. Таза тау жыныстарында өсімдік өспейді. Топырақтың құрамында ауа, су, қарашірік, құм, саз бар екенін біледі.
<b>Кері байланыс «Менің көңіл-күйім баспалдағы»</b>	Сабақты қаншалықты түсінгендігін баспалдақтың деңгейіне қарай белгілейді.	Сабақ бойы алған білімі туралы ойлана біледі.
<b>Үй тапсырмасы</b>	75-76 бет оқу. Топырақта тіршілік ететін жәндіктер туралы мәлімет жинау.	Күнделіктеріне түртіп алады.
<b>Бағалау</b>	Топ басшыларының бағалауын негізге алу.	Топ басшылары топ мүшелерінің бағалау парақтары арқылы бағалайды.